

Баршақазақтың маңдайына біткен абыз ұлы, ғажап сөз саптау майталманы Ақселеу аға көп жылдар тілші қызметінен соң, Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы университетте ұстаздық қызметін атқарды, қарапайым тіршілік кешті. Шәкірт тәрбиелеуді бақытым деп білді. Амал қанша, осыдан тура екі жарым жыл бұрын қазақ халқының қабырғасын қайыстырып, жұмбақ қазасымен өзі білетін адамдардың қолына сұрақ белгісін ұстатып, "бүләмірмен бірге мені де зертте" дегендей, мәңгілік әлемге ұшты да кетті.



ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН АСҚАҚТАЙДЫ

(Қазақтың біртуар азаматы Ақселеу Сейдімбек туралы естелік)

Мен алғаш рет Ақанды Астана қаласында өткен 2005 жылдың 28 қыркүйегінде II-ші Дүниежүзілік қазақ құрылтайында Өзбекстан Республикасынан келген делегациямен келгенде көріп едім. Анадайдан ұзын бойлы, қабағы сұсты, қысқа сақалды, баяғының патшалары секілді асықпай адымдап келіп, қоңыр даусымен «Қандастар қай жақтан келіп едіңіздер?» деді. Мен ол кісінің жазғандарын мектепте жүргенде «Социалистік Қазақстаннан»

оқып жүретінмін. Бірақ, жүзбе-жүз кездеспеген едім, енді міне, Құдай сәтін салып, қарама-қарсымда әкем Кеңес мактайтұғын Ақселеу кемеңгер алдымда тұрды.

Ақанды мен бірінші танып, -ассалаумағалайкум аға, өзбек жерінен келіп едік, - дедім. -Бәрекелді, қазақтың қайсы руынан боласың?,- бауырым деп маған қарады.

-Кіші жүздің ішіндегі Әлімбет балқы руынанмын.

-Түсінікті Балқы Базардың

ұрпағы болдың-ғой, Навоий облысы Тамдыбұлақ ауданынан шығарсың,- деп жымиыды.

О жаратқан, мен өзімді айтпай жатып, бәрін біліп тұрған данышпанды сонда көрдім.

Қазақ шежіресінен хабары барлығы соншалықты, кімнен кім туатынын жатқа айтып берді, таңданбасқа шараң жоқ, қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін өзбесігіне бөлеп алу ісінің қас шебері екендігін мойындатты.

Қасымызға суретші келіп естелікке суретке түстіңіздер ме

дегені сол-ақ еді Ақаң:

-Қане, жігіттер, естелікке суретке түсейік,- деп екі қолын айқара ашып екі жағында тұрған екі жігітті бауырына тартты. Сол сурет әлі күнге үйде сақтаулы тұр. «Ұлық болсаң, кішік бол» қағидасынан тыс бауырмалдығы көрініп тұрды. Ол кісінің қатарластары суретке бірге түспек тұрмақ, сөйлескісі келмейтіндерді көріп те, естіп те жүрміз. Сонан бастап, көз жұмғанға дейін, Ақаңмен бір кісідей қоян-қолтық араластым. Ол кісіден өзіме өмірлік азық жинадым десем артық айтқандық болмас.

2008 жылдың қараша айының 14 жұлдызында Л.Гумилеев атындағы университетінде түрколог-ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының кабинетінде түскі асқа Парламент депутаты Алдан Смайыл, Ақаңның жандосы Қойшығара Салғараұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов, Сәкен Сейфуллин мұражайының бастығы Серік Оспановтар жиналып еді. Сол дастархан басында Ақаң достарының алдында сауатты ойлар мен салиқалы ұсыныстар айтылғанды.

Түсті асты ішіп болған соң, оңаша шығып маған -Қош: не шаруамен келіп едің?—деп сұрады.

-Өткенде пікір жазып берген «Өнер—алды қызыл тіл» атты кітабымды беріп тұрып, сізге табыс етуге келдім,- деп едім.

«Ой, айналайын, Жұмамұрат, үлкен рахмет,- деп ризашылығын білдіріп қолымды қатты қысты. Сол іркіліп барып, қоңыр даусымен -мені мұқият тыңдап ал Шәмшінің немересі.

«Кім не десе, о десін, сен тынбай жаза бер, менің жасым 66-да, сенің жасың 31-де, менің жасыма жетемін дегенше 35 жыл уақытың бар, егер сен ізденіп, талпынып жаза берсең, күндердің күнінде дәрежең менікінен биік болмаса, төмен болмайды. Қолыңды жай батамды берейін» деп қолын жайды.

Болсын көңілің хош, аман,
Бауырың бүтін, бас аман.

Қыдыр дарып, бақ қонып,
Қолдай берсін Жасаған,- деп бауырына басып, маңдайымнан сүйді.

Мұндай сөздерді маған туған әкем Кеңес айта алмай о дүниеге аттанған-ды, тұла бойым тоқ ұрғандай тебіреніп кеттім. Міне, қандай кемеңгерлік десеңші, өзіңнен кейінгі өсіп келе жатқан жас қаламгерлерді қолдау осындай-ақ болар. Ақаңның осы бір-ақ ауыз сөзі үнемі маған шабыт беріп тұрады.

- Бірде Акселеу ағама «өмірде қандай құбылысқа таңданасыз?», - деп сұрақ бердім.

-Жұмамұрат білесің бе кейінгі уақытта еш нәрсеге таңданбайтын болып барамын. Өйткені, менің «Қазақ әлемі» дейтін 600 беттік кітабымды бір әрпін қалдырмай тұтас көшіріп алып, өз атынан шығарып жіберген адамды да көрдім. Ол жөнінде «Егемен Қазақстанға» фельетон шықты. Мұны мен тоналғаннан соң айтып отырғаным жоқ. Исі шығармашылық әулеттестерім, әріптестерім осындай бір заңсыздықтың, бассыздықтың қорлық — зорлығын бастан өткеріп отыр. Біздің шығармашылық адамдар туралы не заң жоқ, не мемлекеттік деңгейде қорғау жоқ, не оның еңбегін елеп-ескеріп, қаламақысын төлейтін тетік жоқ. Баспагерлер бізге не қаласа, соны істей алады. Қандай зорлық жасаса да қолында. Енді бұл қандай сұмдық, айдың-күннің аманында? Сол 600 беттік зерттеу еңбегімді үш жыл жазған едім, алдына үш бет, артына жеті бет қосады да біреу өз атынан шығарып жібереді. Оған әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Бұл өз алдына зар ғой.

Бұндай іс-әрекеттердің бәрі құлдық санадан бастау алады. Себебі құл әрдайым өзі секілді құлды қорлағысы келіп тұрады. Көп жылдар бойы отарда болған елдің өз жүрегі өзіне шабуыл жасайды. Оның емі—рухани азаттық және рухани жаңару. Азаттық дегеніміз - өз еңбегін өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні

жасқанбай айта алуың. Кеңес Одағы кезінде жеке ұлттардың тек-тамырына үнілудің қажеті де болмады. Көптеген ұлттар өздерінің этногенетикалық тек-тамырынан көз жазып, сырттан зорлап танылған «бұрынғы жабайы жұрт» деп келетін теориясымақты жатқа айтуға мәжбүр болды.

Соның салдарынан идеологиялық өктемдіктің зардабын түркі тілдес халықтардың ішінен, өсіресе қазақ халқы қатты тартты. Ассимиляция мен аккультурация қарқыны жағынан қазақ елі құрлықтың қай пұшпағынан да кем түспеді. КСРО-нің энциклопедиялық сөздікте «ассимиляция—это слияние одного народа с другим с утратой одной из них своего языка, культуры и национального самосознания» деп жазылыпты. 1940 жылға дейін қазақ әліпесін бір емес, екі рет ауыстырып жіберді, әдейі халықты өз тарихынан мақұрым қалдыру үшін, кейінірек мүлдем өз-өзінен жатырқайтын ұрпақ өсіп жетілді.

Ақырында, қазақ сияқты бодандықтың бұғауында болған ұлттар тарихи даму үдерісіндегі өзінің ақиқат болмысын парактау қабілетінен айырылды. Асылы аяқ асты етіп, жасыққа малданып, жатқа жалтақтайтын болды. Бұл дегенінің, этникалық таным мен талғамның дертті болуы, яғни сапасыздану еді. Батыспен шығыстың жазба деректерін айтамыз-ау, өзіміздің аузымызды ашсақ ақтарылған ас та төк бай фольклорымыз, біле білсек, ең алдымен тарихи дерек көзі ретінде қанағаттанарлық деңгейде зерттеліп отырма?

Енді кара, өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап руға, жүзге, атаға, жікке бөліну індеті басталды. Жүзге бөліну деген сөз барып тұрған ақымақтық, төл тарихын білмеушілік болып шығады. Өзі жаман індет басталғанда өрт секілді елді шарпып кететін әдеті. Бұл індет талай адамдарды азапқа, әуреге салды. Әлі де әуреге салып келеді. Сорымыз болар, бағымыз бо-

лар. Тәуелсіздік алғаннан кейін әркім өз қотырын өзі қасып нарықтық жүйені таңдады. Ал нарықтық жүйе дегеніміз байлықтың бәйгесі. Баюдың бәсекесі. Баю жолына түскен адамдар өзіне қолайлы әдіс-тәсілдің берін қолданады. Үлкен ақыл, тәжірибені қолданудан бастап, кісі өлтіруге дейін барады. Оны өзін де естіп, көріп жүрсін. Демек нарықтық жүйе өзінен-өзі протекциялық аңсарды дүниеге әкеледі. Протекция деген не? Белгілі мақсатқа жету үшін топ құрады. Әрине, кез келген адам топқа өзі білетін адамдарды тартады. Олар өзінің рулас, аталастары болуы мүмкін. Бірақ сол руластары, аталастары көңілінен шықпаса, соның өлігін аттап тұрып мүлде басқа ұлтпен пәтуаласады. Дегенмен, түпкі мақсатқа жетуден тайынбайды. Протекция деген осы.

Біз протекциялық ындынды жүзшілдікпен, рушылдықпен шатастырып отырған жәйіміз бар. Қазақта рушылдықтың болуы мүмкін емес. Оны болдыртпайтын тетікті ата-бабаларымыз жасап кеткен. Өйткені, менің шешем, әйелім, келінім басқа жүзден. Сонда басқа жүзден болғаны үшін анамды тәрк етуім керек пе? Бұл ешбір адам бара алмайтын механизм. Оған бару мүмкін емес. Мұндайға тек жынды адам ғана барады. Демек, қазақта рушылдық, жүзшілдік бар деген адам мүлде қазақ ұлтының ішкі этножарылым тетігін, механизмін білмейтін көрсоқырлардың тірлігі. Ондай адамға мүсіркеп, рухани кемтар ретінде жаның ашып қаруға тура келеді.

«Қазақстандық ұлт» дегенді қалай түсінесіз?»- деп едім. Ақселеу аға терең тыныс алып барып, жауабын былай қайырды. Социализмнің қазанында қайнаған көптеген ұлттардың бойында бұл дерт бар. Өйткені, 1,5-2 ғасырға созылған отаршылдық жүйе, 1 ғасырға созылған социализм идеологиясы ол ұлттың діліне, менталитетіне айналады. Қанына сінеді. Ол да



бейнелеп айтқанда дерт сияқты. Батпандап кіреді, мысқалдап шығады. Демек белгілі бір ұрпақ ауысқанға дейін біз социалистік идеологияның жалаңбұт ұраншылдығынан, желбуаз әпербақандығынан көпке дейін арыла алмаймыз. «Қазақстандық ұлт» деген баяғы Сусловтың кезіндегі «паспорттарыңа ұлтым Совет Одағы деп жазайық» деген ұсыныс сияқты болып естіледі маған. «Қазақстандық ұлт» деген сөз өзінің бастауын американдық ұлттаналады.

Америка аборигендерін жаулауда Джеймс Кук, Лаперуза, Магеллан мен испандық конкистадорлар барлық әдіс-тәсілдерін қолданды. Тұс-тұстан барған басқыншылар үндістерге жаудай тиді. Сөйтіп, оларды ағылшын тілінде ғана сөйлейтін, ұлтқа бөлінбейтін американдық ұлтқа айналдырды. АҚШ елінде бес жыл тиісінше болды, американдық деп қолыңа паспорт бере салады, шығу тегің аса қызықтырмайды. Тап сондай шетелдіктердің басып алуының, тізе батыруының алуан түрі біздің елімізде жүріп жатыр. Сөзім дәлелді болу үшін 2003 жылы №20 санында «Казахстанская правда» газетінде былай жазылыпты.

«Большинство месторождений нефти и газа оказались в руках

иностранцев... «Актюбе Мунай-газ» перешло в руки китайской нефтяной компании. Китайцы стали собственниками много-миллиардного состояния... Мы стали бесправными рабами китайцев. Город превращается в китайскую провинцию... в каждом многоэтажном доме целые китайские кланы... Требуется на работу люди, владеющие китайским языком... Китайские нефтяники поработили нас». Еш уақытта бірнеше этностан құралған ұлт болмайды. Ұлт деген жеке адам сияқты өте дара жаралым. Ал ұлтпен мемлекетті шатастыруға болмайды. Мемлекеттің аясында бірнеше ұлт болуы мүмкін. Бірақ міндетті түрде мемлекетке ұйытқы, тірек, іргетас жалғыз ұлт болады. Өзге ұлттар ұлт болып есептелмейді.

Сол мемлекет аясындағы диаспора, өзге ұлттардың өкілдері болып қалады. Бұл тарих, этнология ғылымындағы аксиома. Мені өкіндіретіні, мемлекет идеологиясының тізгінін ұстап отырған пақырлардың қарапайым этнологиялық зердесінің жоқтығы. Басқасын былай қойғанда, қазақтың қара тілінен көсіліп әңгіме-дүкен құрай алмайтын шырақтардың соңынан қазақ ереді дегенге кім сенеді? Билік басындағы осындай шенеуніктерден не үміт, не қайыр? Сондай адамдарға тізгінді қорықпай қалай ұстатады екен?! Бұл баланың қолына жалаң, өткір қылыш ұстатқанмен бірдей. Ешуақытта мемлекеттің бірнеше ұлттан жаралуы мүмкін емес. Империя болуы мүмкін. Онда да негізгі тірек ұлт өз өктемдігін көрсетеді. Оны біз кеше ғана Ресей империясынан көрдік. Орыс ұлты басқа 204 ұлтқа білгенін істеді. 70 жылға жетер-жетпес уақытта 93 ұлт жер бетінен жойылып кетті. Қазіргі таңда, Якутия мен Читаның арасындағы 20 ұлттан жасы елуден асқан 10 шақты ғана адам өз тілінде сөйлей алады екен, арадан 10-20 жылда олар о дүниеге аттанса, өздерімен бірге 20 ұлт жер бетінен жоғалады деген сөз.

Қазақстанды алайық. Қазақстанның тірек ұлт қазақ. Қазақстанның жері қазақтыкі. Басқа ұлттардың өкілдеріне тағдырдың неше түрлі соққысы біздің Республикада өмір сүруге маңдайларына жазды. Сондай тағдырдың қалыптасқаны үшін оларды кінәламауымыз керек. Оларды біз тағдырластар, отандастар ретінде жақсы үмітпен жақсы болашақты қарсы алуға насихаттауымыз қажет. Бұл ретте артық доза айтып, жалпақшешейлікке барудың қажеті жоқ. Қазақстанда 130 ұлттың өкілі бар деп даңғырап мақтанудың

ры бар адамның бәрі біліп отыр. Ал біздің кейбір саясаткерлеріміз орысша айтқанда «лукавить» етуге құмар. «Әртіс» болуға құмар. Мені осы ашындырады деді.


Менің «Өнер алды - қызыл тіл» атты кітабыма Ақаңның пікірі.

Қазақ тарихына жаңаша көзқарас жастар арасында қызығушылық тудырып отыр. Солардың бірі Ж.К. Шәмшінің кітабында көтерілген тақырыптар ұлт тарихы, гендерлік саясат, демографиялық ахуал және ішкі көші-қонды реттеу, адам теңдіктері, тіл, дін, салт-дәстүрлерді қалай сақтау

ге аса мән бермеген ұлт келешек құрдымға кетпек. Сол үшін Ж.К. Шәмші өзінің ойын ортаға салғаны құптарлық жәйт.

Соңғы рет 2009 жылдың қыркүйек айының басында асығыс көшеде көріп қалғаным болмаса, одан кейін хабарласып, сөйлесудің реті болмады. Жалпы, Акселеу ағаға ықылысым шексіз еді. Мезгілсіз қазасын естігенде төбемнен мұздай су құйып жібергендей қатып қалдым, ішкі жан-дүнием алай-түлей болып кетті, көзіме ыстық жас келді. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...ол жан-жақты дарын иесі ретінде өзінің бүкіл білімі мен қажыр-қайратын туған халқының мүдесіне бағыштап, мейлінше мақсатты әрі жемісті еңбек ете білген аса айтулы тұлға еді.

Ақаңды жақсы білетін адамдардың сөзіне қарағанда, үй толы кітаптарын кітапханаларға асығыс жүріп, таратып бергенін, құнды суреттер мен қағаздарын мұрағатқа қаттап, тізімдеп қайтыс боларынан бір күн алдын яғни, 2009 жылдың қыркүйектің 15 күні өткізгенін мұрағат қызметкері Марал қарындас айтып отыр. Сондай-ақ ауылына соңғы рет барғанында «өле қалсам, осы жерге қоярсыңдар» деп інілеріне құлаққағыс қылғаны сан-алуан ойларға жетелейді. Араларында өзіне-өзі қол салыпты деушілер де ұшырасты. Оған өз басым сенбес едім. Тіпті, бір досына «Әй, мен осы жылдан қалмаспын» депті. Соған қарағанда, Ақаң ажалын алдын ала сезіп-білген және соған асыққан сыңайлы. Азабы мен мазағы қатар жүретін бұл жалғаннан ертерек кеткенді жөн көргендей. Ақаң билікке де, байлыққа да қызықпайтын мәңгілік мекеніне бұрынырақ баруға, аруақтар арасына тезірек жетуге асыққандай көрінеді де тұрады. Жаның жәннатта болсын, асыл аға.



керегі не? Қазақстанда 130 ұлт жоқ. Өйткені, ұлттың анықтамасы бар. Оның жері, тілі, мемлекетінің беріктігін білдіретін банкілік ақшасы болуы керек. Қазақстандағы басқа ұлттардың жері басқа жерде. Негізгі ұлты басқа жерде орналасқан. Өркендеп, гүлденетін тілі де басқа мемлекетте. Сол себепті қазақ халқына да, Қазақстанды мекен еткен басқа ұлттарға да ақиқат шындықты ғана айтуымыз керек. Шын ниетімізді ғана білдіргеніміз дұрыс. Жауырды жаба тоқымаған жөн. Оны сыртымыз да, ішіміз де, тарихтан, этнологиядан хаба-

қажеттілігі кеңінен баяндалған. Сондай-ақ автор әрбір сөйлемді сөйлетуге өте мән бергені көрініп-ақ тұр. Қазіргі таңда батыс елдері мен Ресейден біздің елге келіп жатқан ақпарат тасқындары өзіміздің елдің бұқара ақпарат құралдарын он есеге орап алып отырғандығын автор қынжыла жеткізген. Жаһандану заманында осы мәселелерге көңіл бөлмесек, ертең кеш болады. Болашақ бүгіннен басталады.

Сондықтан біз қазақ халқына жаны ашыған жастарды қолдағанымыз жөн. Ұлттық идеологияға және патриотизм-

Жұмамұрат ШӘМШІ,
тарих ғылымдарының
кандидаты